

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Психиатрия, неврология және наркология кафедрасы

СӨЖ

*Такырып: Экзогенді-органикалық және
соматогенді бұзылыстар*

Орындаған: Мұсілім А.М
5-01ү топ ЖМФ
Тексерген: Дошжанова Д.О

Жоспары

Кіріспе

Негізгі бөлім

ОРГАНИКАЛЫҚ ПСИХАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАР

АХЖ 10байынша жіктелуі

Корытынды

Органикалық психосиндром (психо-органикалық синдром, энцефалопатиялық синдром) – мидың органикалық зақымдануының салдарынан дамитын әр-түрлі синдромдар. Бұл синдромдардың әйгіліністері сан қылышы. Клиникалық көрініс түрлерінің басымдылығына байланысты АХЖ-10 бойынша 2 топқа бөлінеді:

- *когнитивтік (таннымдық) функциялар (жад, еске сақтау, интеллект, үйрену, назар аудару және т.б.) бұзылуы;*
- *қабылдау, ой мазмұндылығы, эмоция, мінез бұзылуы.*

ЭКЗОГЕНДІ-ОРГАНИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСҚА АЛЬП КЕЛЕТИН ҚАУІП-ҚАТЕР ФАКТОРЛАРЫ:

1. Тікелей мидың зардапталуымен байланысты факторлар: эпилепсия (қояншық ауру), бассүйек-ми жарақаттары, жүқпалы аурулар (менингиттер, энцефалиттер), анамнезінде ми инсульті болу.
2. Организмдегі жүйелердің бірі ретінде миды зардаптайтын жалпы жүйелік, аурулармен байланысты факторлар:
 - жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары;
 - бауыр аурулары (мыс: бауырлық энцефалопатиялар);
 - зәршығарғыш жүйенің аурулары (мыс: уремиялық энцефалопатия);
 - эндокриндік (ішкісекрециялық) жүйе бұзылыстары.

3. Электролиттер алмасу бұзылыстары, дене қызбаларына шалдықтыратын инфекциялармен жиі ауыру.
4. Дәрі-дәрмектерден, әртүрлі улардан, газдардан улану.
5. Атрофиялы, демиелинизациялағыш және дегенеративті процестер (Пик, Альцгеймер, Паркинсон, Вильсон аурулары және т.б. аурулар).
6. Аутоиммундық аурулар.
7. Ісікті процестер (мида және мидан тыс орналасқан).
8. Асфиксия (тұншығу).

Диагностика критерийлері

Церебральдық дисфункция туындалуши этиологиялық себептер (ми аурулары, бассүйек-ми жаракаты және мидың басқа да зақымданулары немесе дисфункциялары) және солардың фонында дамыған психопатологиялық симптомдар болуы шарт.

Психоорганикалық синдромды(энцефалопатиялық) диагностикалау критерийі:

1) Диагностикалық триада:

- Есте сақтаудың төмендеуі (фиксационды амнезияға дейін);
- Қабылдаудың бұзылышы (деменцияға дейін);
- Эмоциясының қалыпсыздығы (мысалы, боскөнілділік немесе дисфория).

2) Тұлғалық өзгеріс:

- Жай қимылдағыш және атылғыш, кейде пассивтілік;
- Эгоцентризм;
- Қызығушылықтың төмендеуі.

3) Ошақтық неврологиялық симптоматика:

- Параличтер;
- Апраксия, афазия, акалькулия, аграфия, дизартрия, дисфагия;
- Сезім мушелері және қозғалыс координация жұмысының төмендеуі;
- Эпилептиформалық пароксизмдер.

4) Астеникалық синдром:

- Азғындық(истощаемость);
- Гиперестезия.

5) Соматовегетативті бұзылыштар:

- Бас ауруы;
- Соматикалық функциялардың бақылауының бұзылышы (тахикардия, тершендік, ентігу...);
- Ауа райына сезімталдылық.

Қантамырлық аурулар кезіндегі психикалық бұзылыштар:

Ми қан тамырларының атеросклерозы – қан тамырларының закымдануымен сабактас және соның нәтижесінде мидың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы мен гипоксия болатын созылмалы кесел.

Бұл ауруда алғашқы және барынша жиі кездесетін симптомдар бастағы "ауырлық", "қысым", "құлақтың шуылы", көздегі "қараңдау" және "тенбілдер", жалпы әлсіздік, үйқы бұзылуы (үйқысыздық, сергітпейтін үйқы), бас ауруы, кейде бас айналу, қыска мерзімді естен тану, қол мен аяқтағы парестезия, үю құбылыштары, денедегі "құмырсқа" сезімі және т.б. болып табылады. Бұл симптомдардың бері баяу дамиды немесе толқын тәріздес ағым иеленеді.

Есте сақтау бұзылады, ол алдымен эпизодтық сипатта болып, дene шаршағанда, эмоционалдық кернеуде күшійеді. Аталған ауытқуларды науқастардың өздері байқайды, жүре келе жад патологиясы күшійеді. Бұрынғыны еске түсіргенде ұмыт қалған тұстар пайда болады. Науқастар түкке тұрғысыз себепке бола күйіп-пісу, ашулану, ызалану түрінде күрт эмоционалдық реакция береді.

Мінез-құлық бұзылыстары көрінеді. Науқас көп сойлеп, қазымырланып, тиіскіш, менмен, әрекетсіз, жаңғалақ бола бастайды, қызығушылық шенбері тарылады, еш құндылығы жоқ ұсақ-түйекке жете мән береді.

Церебралдық атеросклероз негізінде кемақылдылықтың дамуы мүмкін. Бұл кезде жадтың терең бұзылысы, арта түскен эмоционалдық тұрақсыздық, өз жай-күйіне сынның төмендеу симптомдары байқалады.

Айналасындағылармен жиі дау-дамай туындайды, ешкіммен сиыспайды, бөгде және туыс адамдармен арадағы жүгенсіздік, шексіз менмендік білінеді. Атеросклероз кезінде депрессивтік-параноидтық, галлюцинаторлық-параноидтық симптомдарымен бірге жүretін психикалық бұзылыстардың білінуі мүмкін.

Бас-ми жаракаты кезіндегі психикалық бұзылыштар:

Бас-ми жаракатының кеш кезеңіндегі психопатиялық синдромдар жаракаттан кейін бірнеше айлар, жылдар сақталады және олардың кейбір жеке белгілері сияқты толық кері дамуға ұшырамайды. Олар астениялық, психопатия тәрізді пароксизмальды синдромдармен, аффективті, галлюцинаторлы-сандырақтық және паранояльды психоздармен, және де ақыл кемдігі жағдайларымен көрінеді.

Жаракаттық астения (церебрастения). Астенияны бас-ми жаракатының алыс салдары кезеңінің нағыз бұзылысы деп атайды. Бұл кезеңге тән астенияның клиникалық көріністерінің ішінде тітіркенгіштік, әлсіздік, тез шаршау, бас ауруы, бас айналуы басым болады. Олар ыстықты, транспортты көтере алмайды, қызметтің бір түрінен екінші түріне аудиосандықтар туындайды.

Жаракаттық энцефолопатия(психопатия тәрізді синдром). Истериялық бұзылыстар, экплозивтілік, өткінші интелектуальды- мнестикалық бұзылыстардан тұрады.

Ұзак кезенде **жаракаттық психоздар** бақылануы мүмкін, олар әдетте қайталамалы бас-ми жаракаты, улану, инфекция, психикалық жаракаттарға байланысты туындайды. *Аффективті* және *галлюцинаторлы-сандақтық психоздарды* ажыратады.

Аффективті психоздар кезеңдік және бір реттік депрессия немесе мания жағдайларымен көрінеді, бас-ми жарақатының жеңіл және ауыр дәрежесінің нәтижесі болып табылады. Депрессивті синдром көңіл күйдің төмендеуімен, ипохондриялық және дисфориялық симптомдармен жүретін жабырқаулықпен көрінеді. Мания жағдайында көңіл күйдің көтерілуі эксплозивтілікпен, аффективті күйлермен, дауқестік жүріс тұрыспен бірге жүреді. Алғашқы ұстамалар кезінде сананың күнгірттенуі болады.

Аффективті психоздар бас-ми жарақатынан кейін, әртүрлі мерзімнен кейін, жиі 10-20 жылдан соң дамиды. Психоздар әдетте кенеттен экзогениядан кейін бастың жеңіл жарақаты, жеңіл инфекциялар және т.б. пайда болады. Симптоматикасы жедел дамиды. Психикалық бұзылыстар диэнцефальды бұзылыстармен бірге жүреді.

Бас-ми жарақатының ауыр және орташа дәрежесінде галлюцинаторлы-сандырақтық психоздар байқалады. Психоз дебютінде сананың күнгірттенуі немесе вербальды галлюциноз синдромымен делириозды тип бойынша сана күнгірттенуі болады. Сандырақ әрқашан күйзелістің нақтылығымен, сандырақтың қызғанышпен, дауқестік тенденциялармен көрінеді. Бас-ми жарақаты кезіндегі пайда болатын бұзылыстар, соның ішінде психикалық бузылыстар оның ауырлық дәрежесіне, орналасуына, сонымен қатар, басқа да көптеген жағдайларға- бір уақытта басқа мүшелердің зақымдалуы, жалпы қан жоғалту, инфекциялар, интоксикациялар қосылуына және басқа да клиникасына әртүрлі сиптоматика беріп, психикалық бұзылыстардың полиморфизмін көрсететін факторларға байланысты.

Бас-ми жарақаты кезінде ем кешенді болуы қажет және жарақаттан кейінгі жағдайға, оның сипатына, жарақаттан кейін қанша мерзім өткеніне, психопатологиялық симptomатикасына, сонымен қатар неврологиялық және соматикалық бұзылыстарға байланысты болуы керек. Бас-ми жарақатының бастапқы және жедел кезеңдерінде ми ісінуін жою

Бас-ми жарақаты кезінде *ем кешенді болуы қажет* және жарақаттан кейінгі жағдайға, оның сипатына, жарақаттан кейін қанша мерзім өткеніне, психопатологиялық симптоматикасына, сонымен қатар неврологиялық және соматикалық бұзылыстарға байланысты болуы керек. Бас-ми жарақатының бастапқы және жедел кезеңдерінде ми ісінуін жою қозу жағдайын тоқтату және психоздың басқа да көріністерінжоға үшін белсенді реанимациялық шаралар жүргізілуі тиіс. Дегидратациялық терапия жүргізіледі, транквилизаторлар қолданылады. Жалпы терапиядан басқа басты психопатологиялық синдромды ескере отырып нейролептиктер тағайындалады.

Психикалық бұзылыштардың профилактикасы бас-ми жарақатын алған сэттен бастап науқастарға дұрыс көмек көрсету болып табылады: станционарлау, қатаң төсектік режим, белсенді бақылау, дегидратациялық терапия жүргізу, бассүйекішілік қысымның көтерілуі кезінде-жұлын пункциясы, психоздың алғашқы симптомдары пайда болғанда-транквилизаторлар мен нейролептикерді қолдану. Бас-ми жарақатының ұзак салдарымен науқастар үшін жұмыс және демалыс тәртібін сақтау, психикалық және физикалық зорығу жағдайын болдырмау, жылына 1-2 рет дегидратациялық терапия курсын өту, жалпы қуаттандыруышы ем, интоксикацияның декомпенсациялаушы факторларының, жалпы аурулардың алдын алдын алу және болдырмауқажет. Психотерапия, тұрмыста және жұмыста қажет жағдай туғызу сияқты реабилитациялық шараларды кең түрде жүргізу қажет.

Соматикалық аурулар кезіндегі психикалық бұзылыстар.

Психикалық бұзылыстар жиі кездесетін соматикалық ауруларға жүрек, бауыр, бүйрек аурулары, өкпе қабынуы, ойық жара аурулары, алиментарлы дисфория, авитаминоздар, операциядан кейінгі психоздар жатады. Әртүрлі соматикалық аурулардағы басты психопатологиялық симптомокомплекс **астеникалық синдром**.

Астеникалық синдромдар – жоғары әлсіздікпен, қозғыштықпен, көңіл-күйдің тұрақсыздық, вегетативті симптомдар жынтығы. Астения – өте жиі кездесетін психикалық бұзылыс. Оны кез келген психикалық және соматикалық ауруларда кездестіре аламыз. Ол жиі неврологиялық синдромдармен бірге жүреді. Астенияның екі маңызды факторы: аурудың конституциональді ерекшелігі және этиологиялық фактор.

1. Органикалық психосиндром

2. Хаттама коды: Н-Т-009

3. АХЖ - 10 бойынша коды (кодтары):

F-04 Органикалық амнезиялы синдром (алкогольдің немесе басқа да психоактивті заттектердің әсерінен болмаған).

F-05 Делирий (алкогольмен немесе басқа да психоактивті заттектермен байланысы жоқ ес ауысу).

F-05.0 Деменция фонында дамымайтын делирий;

F-05.1 Деменция фонында дамитын делирий;

F-05.8 Басқа делирий;

F-05.9 Нақтыланбаған делирий.

F-06 Ми зақымдануының және функциясы бұзылуының әсерінен, немесе аурулардың салдарынан болған басқа психикалық бұзылыстар:

F-06.0 Органикалық галлюциноз (елестеу);

F-06.1 Органикалық катотониялы бұзылыс;

F-06.2 Органикалық сандырақты (шизофрения тәрізді) бұзылыс;

F-06.3 Органикалық (аффектілі) бұзылыстар;

F-06.4 Органикалық үрейлі бұзылыс;

F-06.5 Органикалық диссоциативті бұзылыстар;

F-06.6 Органикалық өзгермелі эмоциялық бұзылыстар;

F-06.8 Ми зақымдануы мен дисфункциясы әсерінен және тәндік аурулардың салдарынан дамыған басқа нақтыланған психикалық бұзылыстар;

F-06.9 Ми зақымдануы мен дисфункциясы әсерінен және тәндік аурулардың салдарынан дамыған нақтыланбаған психикалық бұзылыстар.

4. Анықтамасы: Органикалық психосиндром (психоорганикалық синдром, энцефалопатиялық синдром) - мидың органикалық зақымдануының салдарынан дамитын әртүрлі синдромдар. Бұл синдромдардың әйгіліністері сан қылы.

Клиникалық әйгіленіс түрлерінің басымдылығына байланысты АХЖ-10 бойынша 2 топқа бөлінеді:

- когнитивтік (тәнімдық) функциялар (жад, еске сақтау, интеллект, үйрену, назар аудару және т.б.) бұзылуы;
- қабылдау, ой мазмұндылығы, эмоция, міnez бұзылуы.

5. Жіктемесі: АХЖ-10 бойынша.

Қауіп-қатерлі факторлар.

Корытынды

Ми қызметін тікелей немесе тікелей емес түрде бұзатын, өз кезегінде психикалық бұзылыстарға әкеліп соқтыратын сыртқы факторлар әсерінен пайда болатын аурулардың үлкен тобы. Олар факторлардың диапазоны кең: психогенді зияндылықтар, эмоциональды құйзеліс, әртүрлі заттардың улы әсері, жайсыз ағымдағы үрдістер және т.б. Бірақ бұл қолайсыз үрдістер барлық адамда психикалық бұзылыс тудырмайды. Мұның себебі анықталмаған.

Психикалық бұзылыстардың клиникалық көріністері көпқырлылығымен және терендігімен ерекшеленеді. Бұлардың ішінде невроздар, тұлға дамуы аномалиясы, психопатиялар, және де невроз тәрізді және психопатия тәрізді жағдайлар басым орын алады.

Айқын көріністі психикалық бұзылыстар әртүрлі продуктивті және негативті бұзылыстармен көрінуі мүмкін. Продуктивті бұзылыстар-сандырықтық, галлюциянаторлық, аффективті және невротикалық симptomдармен, ал негативті бұзылыстар - айқындылық дәрежесі әртүрлі науқас тұлғасының психоорганикалық өзгерістерімен көрінеді. Психоорганикалық симптоматика жеңіл мнестико-интелектуальды және аффективті бұзылыстардан ақыл қемістігі жағдайына дейінгі дәрежедегі бұзылыспен көрінеді.

Әрбір дерптудыратын факторлар психикалық бұзылыстардың кез-келген формасын шақыруы мүмкін. Және де бұл факторлардың күші мен әсер ету ұзақтығының да маңызы бар. Бірақ дерпті жағдайлардың даму механизмі әртүрлі. Кейбір жағдайларда ОЖЖ тікелей, басқа жағдайларда - жанама зақымдалуы мүмкін: ми коректенуінің бұзылуы, ОЖЖ жүйке жасушаларындағы зат алмасу үрдісінің бұзылуы.

Психогенді фактордың әсерін ерекше атап өткен жөн. Психогениядан кейін пайда болатын психикалық бұзылыстар функциональді болып табылады. Олар қайтымды және психогенді фактордың әсерін тоқтағаннан кейін жоғалып кетеді. Бірақ мінез-құлық бұзылыстары – патохарактерологиялық бұзылыстар бақылануы мүмкін (тұлға дамуының аномалиялары).